



Облыс атауы: Нұр-Сұлтан қаласы

Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Соты (Кассациялық саты)

Жіберуші: ИЗБАСОВА ГУЛЬБАРША  
АЗАНКУЛОВНА

## ХАТ

### АЛҒЫС ХАТ

Менімен 2011 жылы 17 желтоқсанда, жаңадан салынып жатырған көп функционалды тұрғын үй кешенінен төрт бөлмелі пәтер алу үшін мердігермен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты жасақталған болатын.

Аталған шарт бойынша пәтердің 1 шаршы метр құны 2000 АҚШ долларымен бағаланған, жалпы пәтер құны 51 591 072 теңгені құрады. Аталған соманы шартта көзделген тәртіппен, мердігердің есеп-шотына 2013 жылдың 1 мамырына дейін төлеп бітіруім керек еді.

Ал, мердігер шарт талаптарына сай, аталған тұрғын үй кешені құрылысын 2013 жылдың 31 мамырына дейін аяқтап, үлескерлерге пайдалануға беру керек болатын.

Алайда, мердігердің шарт бойынша талаптарын орындамауы салдарынан аталған құрылыстың уақытылы аяқталмауына байланысты, мен жанұяммен бірге қарызға «белшемнен баттым» десем де болады.

Шарт бойынша міндеттемелерімді орындау үшін жалғыз баспанамды сатуға тура келді, дегенмен 2014 жылы тек жалпы соманың 60 пайызын ғана төледім.

Құрылыстың аяқталуын күтіп, қаншама жыл жанұяммен пәтер жалдап жүрдім.

2013 жылдың 31 мамырында аяқталып, үлескерлерге пайдалануға берілетін құрылыс әлі күнге дейін жүріп жатыр, бірақ 2017 жылдың 11 желтоқсанында жартылай пайдалануға берілген.

2021 жылы мердігер, менің 10 жылға жақын күткен пәтерімнен күдерімді үздіріп, №2 Ақтау қаласы сотына шартты бұзу жөнінде талап арыз берді.

Істі карау барысында бірінші саты соты, іс үшін маңызы бар мәліметтер мен дәлелдерге толықтай баға бермей, мән-жайды анықтамай, мені және менің жанұямды пәтерсіз «далада» қалдырып, мердігердің талап арызын толықтай қанағаттандыру туралы шешім қабылдады.

Бірінші саты соты шешімімен келіспей, шешімге апелляциялық шағым келтірдім.

2022 жылдың 15 ақпан айында, Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші Гүлажар Қоянбайқызы Бақытжанова, судьялар Наталья Юрьевна Комарова және Ғабит Балтабаевич Бастаубаев, менің апелляциялық шағымымды қарап, бірінші саты соты шешімін бұзып, менің пәтерімді өзіме қалдырды.

Осы жағдайға орай, Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьялары

ИЗБАСОВА ГУЛЬБАРША АЗАНКУЛОВНА қол қойды



Наталья Юрьевна Комароваға және Ғабит Балтабаевич Бастаубаевқа, соның ішінде Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасы Гүлажар Қоянбайқызы Бақытжановаға, осы азаматтық істі жан-жақты, объективті және бейтарап қарап, заңды әділ шешім шығарғаны үшін алғысым шексіз!!!

Менің ісімді мұқият қарап, имандылығымен, парасаттылығымен, сауаттылығымен көңіліме үміт отын жаққан, әділ де заңды шешім шығаруға ат салысқан Гүлажар Қоянбайқызы, Қазақстан Республикасы сот жүйесінің әділ екенін көрсетіп, мен үшін сот беделін танытты.

Қазіргі судьялар - бұрынғы билер, алайда, қазіргі заман заңы, бұрынғы заңнан өзгеше, дегенмен соған қарамастан «қара қылды қақ жарған» судьялар қатары көбейіп келе жатқанына өз көзім жетті.

Мұндай судьялар, қарапайым халықтың сот төрелігіне деген сенімін бекіте түсетініне сенімдімін.

Аса құрметпен,

Гулбарша Азанқұлқызы Избасова

**Қоса берілетін құжаттар тізбесі:**

1. АЛҒЫС ХАТ.pdf

ИЗБАСОВА ГУЛЬБАРША АЗАНКУЛОВНА қол қойды